

Абайдың қара сөздері

ЖИЫРМАСЫНШЫ ҚАРА СӨЗ

Тағдырдың жарлығын білесіздер - өзгерілмейді. Пендеде бір іс бар жалығу деген. Ол - тағдырда адаммен бірге жаратылған нәрсе, оны адам өзі тапқан емес. Оған егер бір еліксе, адам баласы құтылмағы қиын. Қайраттанып, сілкіп тастап кетсең де, ақырында тағы келіп жеңеді. Ақылы түгел, ойлы адамның баласы байқаса, осы адам баласының жалықпайтуғын нәрсесі бар ма екен? Тамақтан да, ойыннан да, күлкіден де, мақтаннан да, кербездіктен де, тойдан да, топтан да, қатыннан да көңіл, аз ба, көп пе, жалығады. Оның үшін бәрінің ғайыбын көреді, баянсызын біледі, көңілі бұрынғыдан да суып бастайды. Дүние бірқалыпты тұрмайды, адамның қуаты, ғұмыры бірқалыпты тұрмайды. Әрбір мақлұққа құдай тағала бірқалыпты тұрмақты берген жоқ. Енді көңіл қайдан бірқалыпты тұра алады?

Бірақ осы жалығу деген өрнені көрем деген, көп көрген, дәмін, бағасын, бәрінің де баянсызын біліп жеткен, ойлы адамнан шығады. Соншалық ғұмырының баянсызын, дүниенің әрбір қызығының, ақырының шолалығын көрген-білгендер тіршіліктен де жалықса болады. Бұлай болғанда ақымақтық, қайғысыздық та бір ганибет екен деп ойлаймын.

ЖИЫРМА БІРІНШІ ҚАРА СӨЗ

Аз ба, көп пе, адам баласы бір түрлі мақтаннан аман болмағы - қиын іс. Сол мақтан деген нәрсенің мен екі түрлісін байқадым: біреуінің атын үлкендік деп атаймын, біреуін мақтаншақтық деймін. Үлкендік - адам ішінен өзін-өзі бағалы есеп қырмақ. Яғни, на-дан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамшақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді - осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек. Бұл мінез - ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі. Олар өзімді жақсы демесе, мейлі білсін, жаман дегізбесем екен деп азаптанады. Екінші, мақтаншақ деген біреуі «демесін» демейді, «десін» дейді. Бай десін, батыр десін, қу десін, пысық десін, әрдайым не түрлі болса да, «десін» деп азаптанып жүріп, «демесінді» ұмытып кетеді. Ұмытпақ түгіл, әуелі іс екен деп ескермейді. Мұндай мақтаншақтардың өзі үш түрлі болады. Біреуі жатқа мақтанарлық мақтанды іздейді. Ол - на-дан, ләкин на-дан да болса адам. Екіншісі өз елінің ішінде мақтанарлық мақтанды іздейді. Оның на-дандығы толық, адамдығы әбден толық емес. Үшіншісі өз үйіне келіп айтпаса, я ауылына ғана келіп айтпаса, өзге кісі қостамайтын мақтанды іздейді. Ол - на-даның на-даны, ләкин өзі адам емес.

Жатқа мақталсам екен деген елім мақтаса екен дейді. Еліме мақталсам екен деген ағайыным мақтаса екен дейді. Ағайының ішінде өзі мақтап іздеген өзімді өзім мақтап жетем дейді.

aiqakmedia
Instagram
Airak Media
Facebook
Airak TB
YouTube

№ 24

/sarsenbi/

17 маусым

2020 жыл

Gazet Qazaqstan Jýrnalistika Akademiasynyn "Altyn Jýldyz", Qazaqstan Jýrnalister odaǵynyn Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy sylyqtarynyn, "Altyn júrek" sylyǵynyn iegeri

RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

АЙЕАК

MEDIA

МОДУЛЬДІК ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАР ГОСПИТАЛІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛДЫ

Шымкент еліміздегі үшінші миллионды қала болғандықтан, мұнда халықтың әлеуметтік ахуалын арттыру мақсатында тұрғын үй, мектеп, балабақша және аурухана мен емханаларға деген халықтың сұранысы артуда. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес үш мегаполисте коронавирустық инфекцияны төмендету бойынша шараларды күшейту үшін модульдік жұқпалы аурулар госпиталінің құрылысы жүргізілді.

Бүгінде коронавирустық инфекцияны жұқтыру жағдайларының өсуі жалғасуда және оған қарсы күрес өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сондай-ақ, Шымкент қаласының аумағында басқа да аса қауіпті инфекциялардың таралу қаупі сақталуда. Өткен аптада госпитальдің құрылысы толығымен аяқталды. Госпиталь Қаратау ауданының «Ақжайық» шағын ауданында орналасқан. Фимарат 20 төсектік реанимация бөлімшесі бар 200 төсек-орынға арналған бір қабатты, модульдік үлгі бойынша салынды. Бас мердігер - «BI Industrial» ЖШС.

Бұл госпиталь қалалық жұқпалы аурулар ауруханасының филиалы болып табылады және коронавирустық инфекцияға күдікті барлық пациенттерді қабылдайтын болады. Фимараттың жалпы ауданы 6353 шаршы метрді құрайды.

Стационарда барлығы 300-ден астам білікті медицина қызметкері медициналық көмек көрсетеді.

Инфекциялық госпиталь қажетті заманауи медициналық техникамен жабдықталған: компьютерлік томограф, сандық



рентген аппараты, 20 ИВЛ аппараты бар.

Инфекциялық госпиталь жобасының ерекшелігі-пациенттерге білікті медициналық көмек көрсету үшін операциялық

гимараттың ішінде эпидемиологиялық режимді сақтауға көп көңіл бөлінді.

Салтанат ТОЙБОЛОВА.

блок пен перзентхана залының болуы.

Реанимациялық залдар «ореп спрсе» қағидаты бойынша ашылған, бұл медициналық персоналға пациенттердің жағдайын бақылауға жеңілдетеді. Госпитальде барлығы 160 жұқпалы төсек, 20 боксталған палата, 20 реанимациялық төсек бар.

Стационарды жобалау кезінде

ТҮРКІСТАНДАҒЫ

ӘУЕЖАЙ ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ



ңына дейін пайдалануға беріледі. Қазіргі таңда құрылыс алаңында инвестордың 102 арнайы техникасы мен 300-ден аса құрылысшысы тынымсыз еңбек етуде.

Туризм әлеуетін арттыру үшін облыста арнайы бағдарлама өзірленіп, 2025 жылға дейін турист санын 5 миллионға жеткізу көзделіп отыр. Осы мақсатта халықаралық әуежайдан екі күнде бір рет Түркістаннан Меккеге тікелей ұшақ ашу көзделген. Бұл мәселе былтыр желтоқсан айында өткен Түркістан облысының Мәскеудегі күндері барысында айтылды. Іс-шараға туристік компаниялар, туризм саласындағы қоғамдық бірлестік ұйымдары, қауымдастықтар мен мемлекеттік ұйымдар қатысты.

Әуежай 900 гектар аумақты қамтиды. Онда терминал, ұшу-қону жолағы және басқа да нысандар салынады. Әуежай терминалы жылына 3 миллионға жуық жолаушыға қызмет көрсете алады. Әуежайға баратын автомобиль жолының жалпы ұзындығы – 16,3 шақырым.

Ұлжан НАУШАБАЕВА.

ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ БЕЙБІТ ЖИНАЛЫСТАРДА ҚЫЗМЕТТІК ҚАҒИДАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Ағымдағы жылдың 11 маусымында Нұр-Сұлтан қаласында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаеваның төрағалығымен журналистің бейбіт жиналыстар кезіндегі қызметтік Қағидаларын онлайн-талқылау өтті, деп хабарлайды министрліктің баспасөз қызметі.

Онлайн-талқылауға Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің өкілдері, республикалық және өңірлік БАҚ, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдардың басшылары қатысты. Іс-шараны «Бас редакторлар клубы» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды.

Қағида «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» жаңа Заңды іске асыру шеңберінде заңнамаға енгізілген соңғы түзетулерге сәйкес өзірленді.

Онлайн-талқылау басталмас бұрын А.Балаева аталған Қағидалар жергілікті атқарушы органдар мен БАҚ-тың өзара іс-қимыл тәртібін анықтау үшін, сондай-ақ, бейбіт жиналыстар өткізу орындарында өздерінің көсібі қызметін жүзеге асыру кезіндегі журналистердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет екенін атап өтті.

«Журналистің көсібі қызметін алаңсыз атқаруы мақсатында жергілікті атқарушы органдар БАҚ қызметкерлеріне арналған жедел баспасөз-орталықтарымен қамтамасыз етеді», - деп атап өтті ол.

Министр жаңа Қағидада жергілікті атқарушы билік өкілдерінің БАҚ-пен өзара іс-

қимылы бойынша функциялар енгізілгенін, сондай-ақ ерекшелік белгілерінің түрлерін бекіту қарастырылғанын айтты.

Онлайн-талқылау барысында «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау халықаралық қорының президенті Т.Қалеева, Informburo.kz ақпараттық порталының бас редакторы М.Дорофеев, Internews Network Қазақстандағы өкілдігінің заңгері О.Диденко, «Алматы» телеарнасының бас директоры Н.Мұхамеджанова, «Человек и закон» газетінің бас редакторы М. Бөшімов өздерінің нақты ұсыныстары мен ескертпелерін жеткізді.

Сөз сөйлегендер ерекше белгілердің түрлеріне, жедел баспасөз орталығының аумағында да, одан тыс жерлерде де журналистердің еркін жүріп-тұруын қамтамасыз етуге, редакциялық тапсырманың болуына, жергілікті атқарушы органдардың өкілдеріне де осы Қағиданың ережелерін түсіндірудің маңыздылығына қатысты өз пікірлері мен ұсыныстарын айтты.

Жалпы талқылауға ұсынылған Қағида жобасын кездесуге қатысушылар толық қолдады.

Онлайн-талқылауды қорытындылай келе, А. Балаева ҰЕҰ мен өңірлік БАҚ өкілдерінің барлық ұсыныстары мен ескертулері егжей-тегжейлі зерделенетінін және ескерілетіндігін, ал жоба ары қарай талқылау үшін нормативтік құқықтық актілердің ашық порталында жарияланатынын атап өтті.

Ақорда.



СЕНАТ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ 12 ТАМЫЗҒА БЕЛГІЛЕНДІ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының сайлауы 2020 жылғы 12 тамызға тағайындалды. Аталмыш құжат Жарлығына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойған, - деп хабарлайды “Айғақ-

ликасы Парламенті Сенаты депутаттарының сайлауын ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау туралы Қаулы негізі бар. **Нұр-Сұлтан.**

КЕЛЕСТІК ШАРУА ҚЫЗАНАҚТЫҢ 40 ТҮРЛІ СОРТЫН ӨСІРЕДІ

Ауылшаурашылығы саласын дамытудың бір жолы жылыжай кешенінің аясын кеңейтті. Соңғы жылдары бұл тұрғыда көптеген жұмыстар атқарылып, нәтижесінде жылыжай аумағының көлемі айтарлықтай өсті. Тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз етуде мемлекет саясатының бір бағыты – өңірлерде ауыл шаруашылығының салаларын, әсіресе көкөніс шаруашылығы саласын дамыту. Түркістан облысы, Келес ауданы, Біртілек ауылдық округінде «Нұржан» шаруа қожалығы 2011 жылдан бері жылыжай кешенімен айналысып келеді. Онда қызанақтың 40 түрлі сорты егіледі. Атап айтқанда, қызанақтың черри сортынан 10 түрі, үлкен

қызыл қызанақтың 23 түрі, қызғылт сортынан 12 түрі бар. Қазіргі таңда шаруа қожалықтың іс басқарушысы Нұржан Омаров 4,5 гектар аумаққа қызанақ еккен. Одан күнделікті 15 тоннаға жуық өнім алуға. Осылай шаруа 6 ай бойы бейнетінің зейнетін көреді. Өнімін отандық нарыққа жөнелтуде.

Бұдан бөлек, жылыжай кешенінде баяндының 2 түрі, қияр, құлпынай өседі. Шаруа қожалықтың жалпы жер көлемі - 11 га. Жылыжай көлемі - 5,6 га. Бүгінде 10 адам тұрақты, 35 адам маусымды жұмыспен қамтылған. Кешеннің ерекшелігі - озық технологияны қолдана отырып тұрғындарды көкөніс және түрлі көшеттермен қамтамасыз ету. Айта кетер-

лігі, шаруа қожалық жылыжай кешеніне қажетті жабдықтарды да өзі өндірумен айналысады.

БАҚ өкілдеріне ұйымдастырылған пресс-тур аясында журналистер Келес ауданындағы қарбыз шаруашылығымен танысты. Жамбыл ауылдық округіндегі Ащыкөл елді мекенінде «Жамбыл» өндірістік кооперативі 80 гектар аумаққа қарбыз еккен. Отырғызылған көшеттер саны - 800 мың. Жалпы өнім көлемі - 2,8 мың тонна. Кооператив өнімін отандық нарық пен Ре-

сейге жөнелтеді. Сондай-ақ, жыл соңына дейін жоспарға сәйкес, ұзындығы 117,6 шақырымдық 24 канал мен қашыртқыларға таза-лау жұмыстары жүргізілетін болады.

Абай ОМАР.

Бұл аптада кімдер туылған?

17.06.1966 ж.
Есімхан Бертаев
«Нұр Отан» партиясы
Абай аудандық филиалы
төрағасының бірінші
орынбасары

19.06.1950 ж.
Серік Үмбетов
ҚР Парламенті
Мәжілісінің депутаты

19.06.1966 ж.
Дихан Қамзабеков
ҚР ҰҒА корреспондент-
мүшесі, ф.ғ. д.,
профессор, академик

19.06.1972 ж.
Абзал Әліқұлов
Шымкент қаласы,
Қаратау
ауданының әкімі

20.06.1973 ж.
Бақытбек Арапбай
«Құрылыс» ЖШС
директорының
орынбасары

22.06.1941 ж.
Софы Сматаев
прозашы, драматург

**Құрметті туылған
күн иелері!**
**Сіздерді «Айғақ»
газетінің ұжымы
туған күндеріңізбен
шын жүректен
құттықтайды!**



ЭЦҚ-НЫ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН NSALayer ОРНАТУ КЕРЕК ЕМЕС!

Ендігі уақытта ЭЦҚ-ны пайдалану үшін компьютеріңізге арнайы бағдарлама орнатудың және ЭЦҚ сақталған флешкаларды өзіңізбен бірге алып жүрудің қажеті болмайды. Жаздың соңына дейін цифрлық даму министрлігі электрондық қолтаңбаның жаңа түрін – бұлтты ЭЦҚ-ны қолданысқа енгізуді жоспарлап отыр.

Қазір бұл бағытта қан-

дай жұмыстардың атқарылып жатқаны туралы министр Асқар Жұмағалиев халыққа есеп беру кездесуінде айтты.

Жаңа ЭЦҚ-ның басты ерекшеліктері: оны қолдану үшін NSALayer қажет емес, ал қолтаңбаның өзі қорғалған серверде сақталады. Сондықтан сіз оны ешқашан жоғалтпайсыз, және оны сізден басқа ешкім пайдалана алмайды.

Сонымен қатар, электрондық қолтаңбаны бейнеидентификациядан өткен соң және пароль енгізу арқылы қолдана аласыз. Ал, қызметтерді алу кезінде

@egovhelpkz БАҒАНАСЫ

жүйе сервердегі сіздің ЭЦҚ-ңызды автоматты түрде табады.

Сіз мемлекеттік қызметтерді онлайн алу-дың трендке айналғанын сездіңіз бе?

EGov-та ҚАНДАЙ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР САҚТАЛУДА?

EGov-та қандай дербес деректер сақталады деп ойласыз ба? Онда @egovhelpkz Телеграмм желісінде ешқандай деп жауап береді.

Иә, дәл солай. Сіздің жеке мәліметтеріңіз, паспортыңыздың немесе жеке куәлігіңіздің деректері, мекенжайыңыз, жылжымайтын мүлкіңіз және т.б. туралы ақпараттың бәрі министрліктер мен ведомстволардың базасында сақталады.

eGov порталын пайдаланған кезде, сізге ыңғайлы болу үшін бұл ақпараттар түрлі мемлекеттік органдардың базаларынан автоматты түрде алынады. Сондықтан eGov-тағы жеке кабинетіңізден мемлекеттік органдардың базаларында өзіңіз туралы қандай ақпарат сақталғанын ғана көре аласыз.

Айталық, eGov арқылы қандай да бір қызметті алуға өтінім берген кезде, оны нақты бір мемлекеттік орган көрсетеді. Мысалы, сіз жүргізуші куәлігін ауыстыруға өтінім бердіңіз. Ол бірден ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитетіне жіберіледі. Полиция қызметкерлері өтінімді бірер сағаттың ішінде өңдеуі тиіс. Содан кейін дайын

болған жүргізуші куәлігіңізді ала аласыз.

Немесе сіз некені тіркеу туралы өтініш бердіңіз. Сіздің өтінішіңіз АХАЖ-ға тікелей түседі, сол жерде сіздің некеніңізді тіркейді. Бұл ақпарат АХАЖ-дың жүйесінде сақталады. eGov болса сізге ақпаратты сол жүйеден алып береді.

EGov порталының басты философиясы осы. Сізді мемлекеттік органдармен байланыстыратын ортақ терезе.

eGov mobile ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ АЙЫППҰЛДАРДЫ ТЕКСЕРЕ АЛАСЫЗ

Енді айыппұлдың бар не жоғын eGov порталы арқылы ғана емес, eGov mobile қосымшасы арқылы да тексеруге болады. Бұған қоса, айыппұлды да осы қосымшада төлеуге мүмкіндігіңіз бар.

Оны қалай төлейсіз? -Қосымшада бір жолғы пароль немесе ЭЦҚ арқылы авторлану.

- «Жүргізу және көлік» бөліміне өту.

-«Әкімшілік айыппұлдарды және жол

қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін айыппұлдарды іздеу және төлеу» қызметін таңдау.

-«Тапсырыс беру» батырмасын басу.

-Айыппұлды таңдап, төлем жасау.

Мәліметтер ҚР ІІМ базасына автоматты түрде түседі, сондықтан электронды чектің қажеті жоқ.

Уақытыңызды үнемдеп, қызметтерді онлайн алыңыз!

МЫРЗАШӨЛДІК АҒАЙЫННЫҢ АХУАЛЫ

Түркістан облысы әкімдігінің бастамасымен «Nur Otan» партиясының Мақтаарал аудандық филиалы Фирдауси елді мекенінде құрылыс мамандарын шақыртып, мастер-класс ұйымдастырды. Ондағы мақсат – тұрғындарға құрылыс талаптарын үйретіп, баспаналардың сапалы әрі талапқа сай бой көтеруіне ықпал ету.

Мастер-класс қатысушылармен тікелей өзара әрекет түрінде өтті. Шара барысында тұрғындарға үйдің іргетасын күй кезінде қанша цемент қосу керектігі, кірпіш қалауда қандай талаптарды сақтау қажеттігі жан-жақты түсіндірілді. Тіпті мамандар құрылыс талаптарын әр элемент бойынша іс «Бүгінде ауылымызда тұрғындар үй салу жұмыстарын бастап жіберді. Мемлекет 17 млн теңгеміздің тең жартысын аударып берді. Ендігі мақсат – құрылыс жұмыстарының қарқынын пәсеңдетпеуіміз қажет. Бүгін жергілікті партия белсенділерінің үйлестіруімен мастер-класс ұйымдастырылды. Бұл бізге өте қажет еді. Өйткені тұрғындардың көбі құрылыс жұмыстарының талаптарын біле бермейді. Осыны ескерген жанашырларға алғыс айтамыз», – дейді Фирдауси ауылының тұрғыны Мұхамеджан Мирзаходжаев.

Қазіргі таңда фирдаусилық тұрғындар мемлекеттен берілген қаржыларына үй тұрғызу жұмыстарын жалғастыруда. Айта кетейік, топан судан зардап шеккен Фирдауси ауылында жалпы 338 үй бар болса, соның бүгінде 271 үй толығымен бұзылған. Бүгінде мұнда 26 үйдің іргетасы құйылып, 3 баспананың қабырғасы қалануда. Өйткені таяуда ғана фирдаусилық 183 отбасының әрқайсысына 17 млн теңгенің 50 пайызы яғни, 8,5 млн теңгесі толық аударылған болатын.

«БОЛАШАҚ» ПРЕЗИДЕНТТІК СТИПЕНДИЯ ТҮЛЕКТЕРІ МАҚТААРАЛДАҒЫ БАҚЛАЛАРҒА СМАРТФОН ТАРТУ ЕТТІ

Түркістан облысы Мақтаарал ауданында орын алған апат жағдайға байланысты, елді мекен тұрғындары уақытша эвакуациялық мекендерге орналастырылған болатын. Осы орайда, «Bolashaq Оңтүстік» Корпоративтік Қорының еріктілері президенттік стипендия түлектері атынан базарлықтар тарту етілген еді.

Атап айтқанда, өңір түлектері Мақтаарал ауданы, Қоңырат ауылы «Еркежан» жазғы сауықтыру балалар лагеріне жазғы де-

малысқа жіберілген жартылай және тұл жетім 55 балаға смартфондар және кітаптар, самокаттар мен роликтер табыстады.

Аталған қайырымдылық іс-шарасының маңыздылығын арттыру мақсатында балаларға Халықаралық «Болашақ» бағдарламасының беретін мүмкіншіліктері мен профориентация тақырыбында ақпарат берілді.

Сонымен қатар, «Халықаралық Бағдарламалар Орталығы» АҚ Президенті Айнұр Бағдатқызының бейне сәлемдемесі көрсетілді.

«Bolashaq Оңтүстік» КҚ мүшесі Гаухар Түребекова апаттан зардап шеккен отбасылар мен балаларға арнайы көңіл бөлу



қажеттігіне тоқталды.

«Халықаралық «Болашақ» бағдарламасының Түркістан облысы және Шымкент қаласындағы түлектерінің Қауымдастығы ретінде Мақтаарал ауданындағы апаттан зардап шеккен отбасылармен қатар кішкентай бүлдіршіндерімізге де арнайы көңіл бөлгіміз келді. Осылайша, Мақтаарал ауданы «Еркежан» лагерінде демалып жатқан жартылай және тұл жетім, көпбалалы және аз қамтылған отбасылардағы балаларға, барлығы 55 балаға қолымыздан келгенше көмектесуді жөн деп шештік. Алдағы уақытта басқа да әлеуметтік іс-шараларды өткізуді жоспарлап отырмыз», – деді «Bolashaq Оңтүстік» КҚ мүшесі Гаухар Түребекова.

Облыстық Жастар ресурстық орталығының басшысы Амалбек Өміртай Түркістан облысы жастарының атынан «Bolashaq Оңтүстік» Корпоративтік Қорына алғысын білдірді.

ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫНА 800-ДЕН АСТАМ ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫН ТАРТЫЛҒАН

Су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарды жұмыспен қамту бойынша жұмыстар үз-

діксіз жүргізіліп келеді. Бүгін-де Мақтаарал ауданында су басқан елді мекендердің тұрғындарына үй салып жатқан құрылыс компанияларында 1475 азамат жұмыс істеуде. Олардың 810-ы тасқын судан зардап шеккен ауыл тұрғындары. Қазіргі сәтте тағы 43 бос жұмыс орны бар. Ол жұмыстарға да жергілікті тұрғындарды тарту жоспарлануда.

Мақтааралдықтарды жұмыспен қамту мақсатында Түркістан облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы тарапынан аудан орталығында мобильді орталықтар жұмыс істейді. Бірінші мобильді орта-

лық Жаңатұрмыс, Жеңіс, Өргөбас, Достық және Фердоуси ауылдарының тұрғындарына қызмет көрсетуде. Екінші топ Нұрлытаң, Жайлыбаев, Шұғыла және Жантасқай ауылдарында. Үшінші орталықтың қызметкерлері Мырзакент, Нұрлы жол, Арайлы және Ақжол ауылдарының тұрғындарын жұмысқа орналастыруға көмек көрсетеді.

Онда түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, азаматтардан жұмысқа орналасуға өтініштер қабылданады. Сонымен қатар, Мақтаарал ауданы бойынша Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шараларымен 459 адам қамтылған. Оның ішінде 85 азамат су басқан елді мекендердің тұрғындары.

Әйелдердің кәсіпкерлігін дамыту үшін де блиц-тренингтер өткізіле басталды. Қатысушыларға дайын бизнес-кейстер ұсынылып, бал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, жылыжай ісі, саңырауқұлақтар өсіру және т. б. кеңестер берілуде.

АЛҒАШҚЫ ЕКІ ҮЙДІ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛУДА

Мақтаарал ауданындағы жаңа мөлтек ауданда алғашқы екі үйдің құрылысы аяқталуға жақын. Қазір екі баспананың есік-терезелері орнатылып, ішкі өрлеу жұмыстары алдағы бір-екі күнде толығымен аяқталмақ. Бұдан бөлек, 5 үйдің патыры жабылып, қалған 13 үйдің қабырғалары өрілуде. Құрылыс жұмыстары бітуде таяп қалған қос үй «Нүрі-Л-Жетісай» компаниясына тиесілі. Бүгінде аталған компанияда 130 құрылысшы мен 20-дан астам техника тынбай жұмыс істеуде.

Жалпы айта кетейік, жаңа мөлтек ауданда 37 мердігер мекеме тұрғын үй құрылысын жүргізуде. Мұндағы 383 тұрғын үйдің құрылысына 1334 адам жұмылдырылған. Бұл үйлердің құрылыс жұмыстары ҚР Үкіметінің резерві және Қорлар есебінен («Б.Өтемұратов», «Салиқалы ұрпақ» және «Біз-Бергеміз») жүргізілуде.



ТҮРКІСТАНДА ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН 70 ТҰРҒЫН ҮЙ ТАПСЫРЫЛАДЫ

Түркістан қаласында құрылыс қызу. Отандық және шетелдік белді құрылыс компаниялары Түркістан қаласында тұрғындардың таңдауына сай, сан түрлі үлгідегі баспаналар тұрғызып жатыр. Облыс орталығы атанғандықтан күн санап халық саны да артуда. Осыған сәйкес, тұрғын үйге деген қажеттілік артуда. Халықтың әлеуметтік ахуалын арттыру мақсатында жыл саңына дейін киелі мекенде 70 нысан пайдалануға тапсырылады. Нәтижесінде, 2430 отбасы баспанамен қамтамасыз етіліп, 3604 жеке жер учаскелеріне инфрақұрылым жүйелері жүргізілетін болады.

Қаланың сәулеттік келбетіне баса мән беретін өңір басшысы мердігерлермен кездесіп, көпқабатты тұрғын үйлердің сыртқы қасбетін өрлеуді жүктеді. Қолға алған жұмысты жауапкершілікпен атқаруды міндеттеді.

2020 жылы «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасының аясында мемлекеттік бюджет есебінен 158 нысанның құрылысына 36,6 млрд теңге бөлінді. Оның ішінде

40 арендалық тұрғын үй құрылысы, тұрғын үйлер құрылысы үшін 30 инженерлік инфрақұрылым нысандары, 88 кредиттік тұрғын үй құрылысы жүріп жатыр.

Мемлекеттік бюджет есебінен сатып алу құқығынсыз арендалық 40 көп қабатты тұрғын үйлердің құрылысы да қарқынды жүруде. Жыл соңына дейін 978 пәтерлі 18 тұрғын үйді пайдалануға тапсыру жоспарлануда.

Сондай-ақ, әлеуметтік кредиттік тұрғын үйді дамыту бағытында, 7 қабатты 48, 72 және 84 пәтерлі 24 тұрғын үйдің құрылысы жүріп жатыр. 1452 пәтер жыл соңына дейін тапсырылады.

Құнды қағаздарды сату есебінен (облигация) Түркістан қаласы әкімшілік іскерлік орталығында жаңадан 7, 9 және 12 қабатты 64 тұрғын үйлер салынып жатыр. 3987 пәтерлі көпқабатты үйлердің құрылысын жүргізуге 4,25%-бен 14,2 млрд теңге бөлінген. Облыстағы мемлекеттік «Нұрлы жер» бағдарламасы сапалы орындалуы қатаң бақылауға алынған.

КЕШЕННІҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖҮЙЕСІ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУДА

А. Яссауи кесенесі әлем туристерін өзіне тартатын тарихи-киелі мекен. Сондықтан да, кешен айналасы әлемдік стандартқа сай болуы тиіс. Бұл бағытта бүгінде көп жұмыстар атқарылуда. Бұл бағытта бүгінде атқарылып отырған жұмыстар жайлы қала әкімі Рашид Аюпов облыс әкімі Өмірзақ Шөкеевтің төрағалығымен өткен лезде-мелік мәжілісінде баяндады. Қала басшысы «Әзірет сұлтан» қорық мұражайының аумағын абаттандыру жұмыстары мен рухани-мәдени орталығының алаң ішіндегі инженерлік-инфрақұрылымның жүргізілуі барысын баяндады. Рухани-мәдени орталығының алаң ішіндегі инженерлік инфрақұрылымы қарқынды дамуда. Шаһар басшысының мәлімдеуінше, «Әзірет сұлтан» қорық мұражайында да су және көріз жүйесі толық аяқталған. Су бұрқақтың бетон құю жұмыстары 85%-ға орындалған. Құрылыс алаңында 140 жұмысшы

және 13 техника жұмылдырылған.

Аймақ басшысына сондай-ақ, Түркістан қаласындағы Тұңғыш Президент саябағының құрылыс барысы таныстырылды. Саябақ аумағында қазір 1 867 түп ағаш отырғызылған. Аппарат мәжілісінде орташа жол жөндеу жұмыстары және аялдамалар бойынша атқарылған жұмыстар баяндалды. Өмірзақ Естайұлы қала әкіміне шаһарды таңертең және кешке екі рет аралап, құрылыс және абаттандыру жұмыстарын бақылауда ұстауын тапсырды. 32 сектордың жұмысын да тексеріп отыру қажет, деді аймақ басшысы.

Жиында, сонымен қатар Мақтаарал мен Төлеби аудандарындағы төтенше жағдайдың салдарын жою жұмыстары талқыланды. Өмірзақ Естайұлы құзырлы басқарма басшыларына халыққа берілетін көмек пен тұрғын үй құрылысының сапасын қадағалауды тапсырды.

Бетті дайындаған: Сандуғаш ӘБДІАППАР.



«БАСТАУ БИЗНЕС» ЖОБАСЫНА ОНЛАЙН ТІРКЕЛУ ЖАЛҒАСУДА



Жеке кәсіп ашып, шаруасын дөңгелетем деушілер үшін мемлекет тарапынан қолдау бар. Өзінің жеке ісін бастауды жоспарлап, жобасын сызып жүрген еңбекке құштар, озық ойлы адамдарды қолдау үшін Шымкент қаласында «Бастау Бизнес» жобасы қолға алынды.

Өткен аптада ақпараттық-коммуникациялық орталығында «Бастау Бизнес» жобасына онлайн тіркелу жөнінде брифинг өтті. Баспасөз мәжілісіне Шымкент қаласы Кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары О. Жансейтов пен Шымкент қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Жанат Өтебаева қатысты.

«Бастау Бизнес» жобасы Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында кәсіпкерлік негіздеріне тегін оқыту бағытталған. Оқуға тіркелу және оқыту 10 маусым күні басталған. Биыл карантиндік шараларды ескере отырып, бұл жобаға тіркелу мен оқу қашықтықтан «Atameken Academy» платформасы арқылы өтеді. Оқу жылындағы кезең – бірінші топ маусым айында (1-топ), шілдеде (2-топ), тамызда (1-топ) және қыркүйекте (1-топ). Үміткерлер оқуға қатысу үшін осы уақыт аралығында өтініш бере алады.

Олжас Ерланұлының айтуынша, жоба шеңберінде қатысушылар онлайн оқу үшін, ең алдымен, халықты жұмыспен қамту орталығынан жолдама алуы тиіс. Ары қарай «Атамекен» Кәсіпкерлер палатасына келмей-ақ, оқуға онлайн тіркеле алады. Ол үшін жеке басын куәландыратын құжатты және халықты жұмыспен қамту орталығы берген жолдаманы <https://atameken.co/kk/course-bastau> сілтемесіне жүктейді. Бұл ретте үміткерлерге тіркелу барысында түсінікті болу үшін видео-нұсқаулық дайындалған. Видео-нұсқаулық @shymkent.atameken инстаграм парақшасы және <https://t.me/basbiz20> telegram-каналына жүктелген.

Одан бөлек, Кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары оқуға қатыса алатын азаматтарды атап өтті.

– 18 жас пен зейнет жасына

дейін жұмыссыз азаматтар, жұмысқа қабілеті бар мүгедек жандар (арнайы дәрігердің рұқсат қағазымен), аз қамтылған отбасылар (АӘК алатын), көп балалы отбасылардың мүшелері және қоныс аударушылар мен оралмандар. Осы ретте бір айта кетерлігі, биыл аз қамтылған отбасылар мен (АӘК алатын) көп балалы отбасылардың мүшелері, қоныс аударушылар және оралмандар «Бастау Бизнес» жобасының сертификатын оқымай-ақ, грантқа тікелей үміткер бола алады, – деді О.Жансейтов.

Оқу мерзімі – 21 күн. Аяқталған соң, тест тапсырады. Үш мүмкіндік беріледі. Емтиханнан өтпесе, тек оқуға қатысқаны жөнінде ғана сертификат алады. Егер тестіден жақсы нәтиже көрсетсе, оқуды бітіргені жайлы сертификат алып, грантқа үміткер болады. Грант қайтарымсыз, бірақ мониторингтік топ арнайы тексеру жұмыстарын жүргізіп отырады. Яғни бұл – әлеуметтік көмек емес, кәсіпін бастаушы кісілерге бизнес жоспарын іске асыруына жасалып жатқан мүмкіндік. Ескертетін жайт: егер бағдарламаға қатысушылар грантты мақсатты жоспар бойынша жұмсамаса, қайтарып алынады. Бұл жөнінде Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Ж.Өмірсейітқызы қадап айтты.

– Биыл Шымкент қаласында 1 422 адамға грант 790 528,0 мың теңге бөлінді. Алайда жыл соңына дейін қаржы қажеттілігі туындаған жағдайда Республикалық бюджеттен қосымша қаржы сұралады. Ал бүгінге дейін комиссия отырысы 5 рет өткізіліп, 629 азаматтың «Бизнес-жоспары» қаралды. Оның 588-і оң шешімін тауып, қалған 43 азаматтың құжаттары немесе бизнес-жоспары сәйкес келмеуіне байланысты қайта толықтырылуға жолданды. Бұл орайда мемлекеттік грантқа тапсырған 629 азаматтың ішінде атаулы әлеуметтік көмек алушылар – 331, көп балалылар – 116 және 1 бағыт бойынша оқудан өткендер саны 182, – деді Ж.Өтебаева.

Айта кетейік, Шымкент қаласында бағдарламаға қатысушылар мемлекет тарапынан берілетін 200 АЕК көлеміндегі грантқа үміткер болады.



ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕРДЕ ЖОЛАҚЫСЫ ЭЛЕКТРОНДЫ ТҮРДЕ ТӨЛЕНЕДІ

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасына орай Шымкенттегі қоғамдық көліктердің қызметін жақсарту мақсатында бағаларды саралау мәселесі қаралды. Енді қала тұрғындары жаңа жүйеге сәйкес қоғамдық көлікте жолақысын электронды төлеген жағдайда 70 теңге, ал қолма қол болса 100 теңге төлейтін болады. Бұл туралы өткен аптада қаладағы карантин жағдайына байланысты онлайн режимде өткен алтыншы шақырылған Шымкент қаласы мәслихатының алпыс

бесінші сессиясында белгілі болды. Күн тәртібінде 26 мәселе қаралды.

Нақтырақ айтар болсақ, сессия барысында қала әкімдігінің 2019 жылғы бюджетінің атқарылған есебі тыңдалып, бюджетке өзгерістер енгізілді. Сонымен қатар, Бұдан бөлек, шаһардағы төрт аудан әкімдерінің атқарған жұмыстарының есебі тыңдалып, мектепке дейінгі білім беру жүйесінің жағдайы сөз болғанын айта кеткен жөн.

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АЯСЫНДА ВОЛОНТЕРЛАР ЕЛ ИГІЛІГІ ҮШІН ЕБЕКТЕНУДЕ

2020 жылдың сәуір айынан бастап елімізде жарияланған төтенше жағдайға байланысты «Рухани Жаңғыру» аясында онлайн және қашықтықтан әс-шаралар ұйымдастырылды.

Волонтерлардың қатысуымен өңірлік деңгейде «Рухани жаңғыру» аясында ақпараттық түсіндіру шаралары қолға алынды. Мемлекет басшысы биыл волонтерлар жылы деп жариялағанын ескерсек, халықты қиындықта қалдырмаған еріктілер төтенше жағдай кезінде де белсенділіктерін көрсетті.

Елімізде орын алған төтенше жағдайға байланысты, Шымкент қаласының волонтерлері «Арбат», «Орталық саябақ» және аялдамалар мен қоғамдық көліктерде қала тұрғындарымен қонақтарына 1000 бетперде тегін таратып, 500-ге жуық ақпараттық түсіндірме парақшалары таратылды. Оған қоса қаламыздағы 4 ауданның (Абай, Қаратау, Әл-Фараби, Еңбекші) мамандарымен бірлесіп 1 000 000-нан аса бетперделер таратты. Елімізде жайлаған коронавирустың алдын алу шараларына Шымкент қаласының 100-ге жуық волонтерлері жұмылдырылып, балаларға арналған 600-ден астам асқорбинді қышқыл дәрумендері таратылды.

Covid-19 пандемиясынан сақтану ережелері туралы 5 мың ақпараттық парақшалар әзірленіп, қаламыздың белсенді жастары адам көп шоғырланатын орталықтарда таратып түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Коронавирус инфекциясына арнайы бейне роликтер түсіріліп, электронды флаерлер дайындалды.

Сонымен қатар, Шымкент

қаласының жеке кәсіпкерлері бірнеше рет қолдануға болатын бетперделер дайындап шығаруды қолға алды және оған волонтерлер белсенді көмек көрсетіп, 1 тәулікте 10 мыңға жуық бетперделер дайындап шығарды. Аталған жұмысты волонтерлер 2 ауысымда істеп, 50-ге жуық волонтерлерге еңбек-ақы төленді.

«Жанға жылу» қайырымдылық акциясы аясында жастар тұрмысқа қажетті азық-түлік өнімдері бар 250 себетті әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен қарияларға үлестірді. Бұл акция жыл соңына дейін жалғасын тауып, 1000-ға жуық әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға ардагерлер мен қарияларға көмек көрсетілетін болады.

Волонтерлермен бірлескен «Sabaqtastyq» бағытындағы 25 акция №4, №3 балалар үйінде жалғасты. Балаларға мерекелік кештер ұйымдастырылды, азық-түлік жеткізілді. Сонымен қатар, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы «Birgemiz» жалпыұлттық жобасы аясында орын алған «Qamqor», «Sau-lyq» бағытында ардагерлер үйі мен дағдылар орталықтарында 15 кездесу, ардагерлер үйінде сенбілік шаралары, мерекелік кештер мен 80 ардагердің қан қысымын өлшеу шаралары ұйымдастырылды. «Лига волонтеров Казахстана» қоғамдық ұйымының төрайымы Айсұлу Ерниязова Шымкент қаласы волонтерлеріне жұмысын жетілдіру мақсатында 1 апталық оқыту курсы ұйымдастырды. Аталған оқыту курсына 500 ерікті қатыстырылды. Қаламыздағы төтенше жағдайға байланысты «Шымкент волонтерлер қауымдастығы» (Жария, Мейі-

рім, Добряки Шымкент, Волонтер Шымкент, ASSA, Ізгілікте жарысайық, Благо дарю, Lider.kz, Жастар қуаты) 9 еріктілер ұйымдары бірлесіп, тұрмысқа қажетті азық-түлік өнімдерінен 5000 себетті әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен қарияларға жеткізіп берді. «Ізгілікте жарысайық» қайырымдылық қорының еріктілері төтенше жағдайға байланысты, 700 мұқтаз отбасының тізімін анықтап, оларды «Nur Otan» партиясы Шымкент қалалық филиалына жолдады, 300 отбасыға көмек алуға байланысты бағыт-бағдар беріліп, 180 отбасыға 1 тонна ет таратылды. «#BizBirgemiz» жобасы аясында ашылған CALL центр-ге 13 волонтер жіберілді. Сонымен қатар, волонтерлар «Мейірім» қайырымдылық қорының жұмысына атсалысып, осы жағдайға байланысты қолданысқа қажетті 200 отбасыға дейінгі киім-кешектер, 100 отбасыға азық-түлік себеттері, медициналық бетперде, антисептиктер таратты. Сонымен қатар, 2-мамыр күні Мақтфарал ауданындағы орын алған төтенше жағдай зардаптарын жоюға атсалысу мақсатында кәсіпкерлер тарапынан 4000 адамға аяқ-киім мен спорттық киімдер, одан бөлек 200 дана жейде мен 150 дана әйелдерге арналған көйлек, шалбарлар жөнелтілді. Сонымен қатар, «Шымкент волонтерлар қауымдастығы» көмекке алғашқылардың бірі болып ат салысуда. Қазір аталған қауымдастық су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарға қажетті заттар, азық-түліктер мен балаларға ойыншықтар, төсек орындарын жеткізу үшін көмектесуде.

Кәсіпкерлікті дамыту - ел экономикасын өркендетудің тиімді жолы. Ал, кәсіптік білімді дамыту бүгінгі күннің басты мәселесі. Жұмысшы мамандығын меңгеруге көп жас қызыға бермейтіні анық. Дегенмен, мемлекетімізге мұндай мамандық иегерлері өте қажет. Өскелең ұрпақтың қарапайым мамандықты меңгеруге деген ынта-ықыласын арттыру мақсатында Түркістан облысында әртүрлі шаралар ұйымдастырылып отырады. Соның бірі «WorldSkills TURKESTAN – 2020» облыстық чемпионаты. Өткен аптада бастау алған, жұмысшы мамандығының беделін және кәсіптік білім сапасын арттыру мақсатында ұйымдастырылған шараға 319 студент 46 мамандық бойынша бақ сынады.

Аталған байқаудың салтанаты ашылу рәсіміне қатысқан облыс әкімінің орынбасары Сәкен Қалқаманов қатысушыларға сәттілік тіледі.

«Былтыр Нұр-Сұлтан қала-

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҒЫН МЕҢГЕРУ МАҢЫЗДЫ

сында өткен «WorldSkills Kazakhstan – 2019» V республикалық чемпионаты өткен болатын. Оған облыстан 33 студент қатысты. Оның ішінде 17 дарынды жас 4 алтын, 2 күміс, 2 қола, 9 медальон жеңіп алған еді. Жалпы командалық есепте облыстың студенттері үшінші орынды иеленген болатынбыз. Біз мұнымен тоқтап қалмауымыз керек. Сондықтан биылғы сайыста үлкен жеңіспен оралатындарыңа сенеміз», – деді облыс әкімінің орынбасары С. Амангелдіұлы.

Сайыста жастардың тәжірибелік дайындығы мен кәсіптік біліктілігі шындалып, шығармашылығы мен жоғары еңбек мәдениеті қалыптасады. Сондай-ақ, заманауи, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны іс жүзінде қолдана алу біліктілігі сынала-



ды. Байқаудың биылғы ерекшелігі, Түркістандағы маңызды құрылыс саласына мейлінше назар аударылып отыр.

Шара барысында облыс кол-

леджері студенттерінің арасында «құрылыс» мамандығы бойынша жарыс өтті. Жарыс «құрғақ құрылыс және сылақ», «сырлау және өрлеу», «сантех-

ника және жылыту», «кірпіш қалау», «плитка жапсыру», «төбелік жұмыстар» құзыреттіліктері бойынша жүруде. Жалпы 35 студент қатысты.

Облыстық чемпионаттың жеңімпаздары 18 маусым күні анықталатын болады. Дода жеңімпаздарына ұлттық чемпионатқа жолдама беріледі деп жоспарлануда. Сондай-ақ, арнайы сыйлықтар қарастырылған.

Айта кетейік, WorldSkills – әлемнің 82 мемлекетіне таралған халықаралық қозғалыс. Өңіріміз аталған Чемпионатқа 2015 жылдан бастап қатысып келеді. Осы жылдар ішінде қол жеткізген жетістік те аз емес. Республикалық Чемпионаттың жеңімпаздары алдағы уақытта Австрия елінің Грац қаласында өтетін «EuroSkills 2020» және Біріккен Араб Әміраттарының астанасы Абу Даби қаласында өтетін «AsiaSkills 2020» чемпионатына қатысуға мүмкіндік алып отыр.



Түркістан облысында табиғатымен, тарихи орындарымен, киелі жерлерімен бай өлке. Бір жағында тынысыңды тойдыратын саф ауасымен ерекшеленсе, екінші жағынан орта ғасырлардағы ерекше сәулет үлгісімен жасалған архитектуралық ескерткіштер көз тартады. Ал, шағалалы Шардарадағы су қоймасы суға түсемін деушілер үшін табиғаты өте қолайлы аймақ екені даусыз. Иә, Оңтүстік аймақтағы әрбір орынның туристер үшін қолайлы екенін жазу бір тақырыпқа сия қоймас. Біз бүгін табиғаты тамылжыған Төлеби ауданындағы туризм туралы айтпақпыз. Табиғаты тамсандыратын орын болғанымен, бұл туристерді тартуға толық мүмкіндік деп айту әлі ерте. Онымен қоса сол аймақтың инфрақұрылымы да толық болуы шарт. Ең бастысы сол демалыс орындарына баратын жолдардың сапасы бірінші кезектегі жұмыс. Бүгінде Төлеби ауданында бұл жұмыстар мықтап қолға алынған. Әр жылы қала, ауылдық округтердің көшелері асфальттанып, жолдары жөндеуден өтуде. Түркістан облысында туризм саласын дамыту үшін туристік нысандарға баратын жолдардың жағдайын жақсарту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Айта кетерлігі, Төлеби ауданы туристер көп жиналатын демалыс орындары мол аудан.

Былтыр да осы салада жүйелі жұмыстар қарқынды жүрді. Атап айтатын болсақ, Ленгір қаласы бойынша жалпы қосындысы 565 шаршы метр құрайтын Төлеби, Айтекеби, Қазыбекби, Оқжетпес, Бірлік, Қапал батыр көшелеріндегі шұңқырларға асфальт қоспасын төсеу жұмыстары жүргізілді.

Ондай жұмыстарды Момынай-Жаңаұйым, Момынай-Аққұм, Аққұм-Шахта-Тоғыс, Нысанбек-Жаңатұрмыс, Әлішер-Тағайна елді мекендерін байланыстыратын жол тораптарындағы шұңқырларды жөндеуді аудандық «Жарық жол» коммуналдық мемлекеттік мекемесі атқарған болатын.

Сондай-ақ. Былтыр аудан ішілік 27



көшеге аудандық бюджеттен 577,0 млн. теңге қаржы қаралып, 44,9 шақырым құрайтын жолдың құрылыс жұмыстары жүрді.

Әрқайсысына тоқталып өтетін болсақ, Балдыберек елді мекеніндегі Күнгей көшесінің 2,1 км, Мәдени елді мекеніндегі 0,4 км, Жаңаұйым елді мекеніндегі Әулетас көшесінің 1,5 км, Момынай елді мекеніндегі Бұлақты көшесінің 0,4 км, Бірінші Мамыр елді мекеніндегі Наурыз көшесінің 1,70 км, Тағайна елді мекеніндегі Абырой көшесінің 4,62 км, Алғабас елді мекеніндегі Дарын көшесінің 0,51 км, Зағамбар елді мекеніндегі Отырар көшесінің 0,59 км жолы жөнделмек.

Сондай-ақ, Көксәйек елді мекеніндегі Досалы би көшесінің 1,7 км, Қазақстан елді мекеніндегі С.Көлбаев және Сайрамали көшелерінің 3,265 км, Көксәйек елді мекеніндегі Абылайхан көшесінің 1,1 км, Каден Өмірәлі көшесінің 0,7 км, Қазақстан елді мекеніндегі М.Жолымбек, К.Жұмбаев көшелерінің 5 км, Сұлтан Рабат елді мекеніндегі Жыланбұзған көшесінің 2,88 км, Сұлтан Рабат елді мекеніндегі Гулистан көшесінің 2,5 км, Екпінді елді мекеніндегі Таразы көшесінің 1,295 км, Екпінді елді мекеніндегі Ақниет көшесінің 0,46 км, Біркөлік елді мекеніндегі Бұлақты көшесінің 0,5 км жолы. Ленгір қаласы бойынша Жастар, Күмістөбе, Достық, Шұғыла, Ленгір-Шахта-Тоғыс көшелерінің 7,4 км, Көктөбе көшесінің 0,484 км, Қ.Дүйсемұратұлы көшесінің 1,725 км, Базар көшесінің 1,035 км, Жамбыл елді мекеніндегі Беласар және Алатау көшелерінің 1,455 км, Кенесарық елді мекеніндегі Айнабек көшесінің 1,9 км, Ақбастау елді

мекеніндегі Қотырбұлақ көшесінің 0,85 км, Өңгірата елді мекеніндегі Ардагерлер көшесінің 0,925 км, Бұлақты көшесінің 1 км жолдары жөндеуден өткізу жылдың басында жоспарланған болатын.

Төлеби ауданы әкімі Бауыржан Омарбековтің тапсырмасына сәйкес, бүгінде Көксәйек ауылдық округі, Қазақстан елді мекеніндегі А.Сайрамали мен С.Көлбаев көшелерін орташа жөндеу жұмыстары басталды. Жалпы алғанда, аудан бойынша 2020 жылы 44 көше жолдарына орташа жөндеу жүргізілмек. Аталған жолдардың жалпы ұзындығы 68,4 шақырымды құрайды. Оған қоса, 18,5 шақырымды құрайтын аудандық маңызы бар автомобиль жолдары орташа жөндеуден өтеді. Нәтижесінде аудан аумағындағы жолдардың қанағатты жағдай көрсеткіші тағы өсетін болады.

Иә, ішкі орам жұмыстарының жөндеуі тек туризм үшін ғана емес, жер-

Сонымен қатар, аталған жолдың бойында орналасқан Бірінші Мамыр және Жаңажол елді мекендерінде аяқжолдар төселіп, диодты жарықтандыру шамдары орнатылып іске қосылды. Бұдан өзге, жол таңбалары мен жаю жүргінші өтпелері сызылып, 2 дана су өткізгіш құбыр ауыстырылды. Сондай-ақ, қауіпті аймақтарға көліктердің жылдамдығын баяулататын жол кедергілері орнатылды.

Жөндеуден өткен жол Төлеби ауданына оңтүстік аудандардан келетін демалушылар мен басқада көлік жүргізушілері үшін өте қолайлы. Жол жүру уақыты біршама қысқарады. Осы бағыттағы жол жөндеу жұмыстары алдағы уақытта жалғасатын болады.

Енді табиғаты шұрайлы ауданыда отандық туризм саласын жан-жақты дамытуға мүмкіндіктер көбейіп, шет елдерден және басқа қалалардан келіп демалушылардың саны артпақ.

Инфрақұрылымның қай бағыты бол-

ТӨЛЕБИДЕ ТУРИЗМ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛУДЕ

гілікті тұрғындардың жыл өткен сайын халықтың әл-ауқаты жақсарып, түйткілді мәселелер шешімін табуда.

Туристтік аймақтардың бірі саналатын Төлеби ауданын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Сондай жұмыстар, ауданға қысы-жазы туристердің көп келетін жерлерінің бірі, Алатау ауылдық округіне қарасты Біркөлік-Екпінді елді мекендерінде жасалуда. Ұзындығы 6,2 шақырымды құрайтын автожолға жаяу жүргіншілерге арналған аяқ жолдар салынып жатыр. Алдағы уақытта жолдар асфальтанып, аялдамалар, жарық бағаналары, суағарлар орнатылатын болады.

Сонымен қатар, аудан тұрғындары мен қонақтарының жайлылығын арттыру мақсатында кішігірім демалыс алаңдарын салу жоспарланып отыр.

2019-2020 жылдары Төлеби ауданындағы Бірінші Мамыр-Жаңажол елді мекендері арқылы «Сайрам-Өгем» ұлттық паркіне баратын облыстық маңызы бар КХ-112 автомобиль жолының 11 шақырымы орташа жөндеуден өтіп, пайдалануға берілді. Аталған жол соңғы 15 жылда ешқандай жөндеуден өтпегендіктен жағдайы қанағатсыз болып келген. Қазіргі таңда, Түркістан облысы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының тапсырысы бойынша мердігер мекеме «Бірлік» ЖШС-і тарапынан жол негізін арнайы техникамен нығыздау (ресайклерлеу) жұмыстары жүргізіліп, асфальт жабындысы толық жаңартылды.

масын жасалынған жұмыстар әлемнің туризмге сұранған жерлеріне қажет-ақ. Алыс және жақын шетелдерден келген қонақтар мен туристер келген уақыты түнге тура келсе Төлеби ауданында шамдардың жарқырап тұруы тек әлеуетін арттыратыны сөзсіз. Жол табамын деген туристер шамдары жарқыраған жолдар бойымен діттеген нүктесіне кедергісіз жететіні сөзсіз.

Туризмді дамып келе жатқан Төлеби ауданында бұл саланы жан-жақты дамытуға, туристерді қызықтырып жүрген табиғи құндылықтарымызды дәріптеп, сұлу да көркем, көз тартар асақ тауларымызды, киелі мекендерімізді шетелдіктерге көрсету мақсатында tolebitour.kz туристік сайты былтырдан бері жұмыс жасауда.

Аталмыш ақпараттық порталдан Төлеби ауданындағы туристік нысандар туралы толық ақпарат алуға болады. Қазіргі таңда шетелдік туристерге ғана емес, еліміздің тұрғындарына да пайдалы болатын жаңа интернет ресурс өз жұмысын жасауда. Сайтты ашып қарасаңыз, аудандағы демалыс орындары туралы көптеген мағлұматтар алуға мүмкіндігінің бар. Демалыс аймақтарының суреттері салынып, бағалары жазылып, қысқаша ақпараттар да халықаралық тілде қолжетімді.

Сайтты ашудың басты мақсаты да аймақтың туристік тартымдылығын арттыру, туристерді қызықтыратын нысандарды табуға көмектесу болып табылады.

Бетті дайындаған: Ұлжан НАУШАБАЕВА.

Бұл деректі фильм Алаш алыптарының бірі де бірегейі Әлімхан Ермековтің сом тұлғасын, еңбегін, ерлігін бейнелейді. Алаштың соңғы тұяғы туралы фильм түсіруге басты себеп не? Тың туынды арқылы ел үшін туған ерлеріміздің ерлігін жас ұрпақтың санасына қаншалықты сіңіре алдық? Осындай сауалдар төңірегінде біз фильмнің авторы әрі жауапты жетекшісі Назгүл Әбутұрапо-вамен әңгімелестік.

– Кезінде саяси қуғын-сүргінге ұшыраған зұлмат заман құрбандарының барлығы дерлік халқымыздың бетке ұстар қаймақтары еді. Солардың арасынан ғайыптан тайып аман қалғандардың бірі – Әлімхан Ермеков. Фильмді түсіруге осы себеп болды ма, әлде...

– Сол тұтқындау мен қуғын-сүргін кезінде «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің түгелдей жазаланары әу бастан белгілі болатын. Себебі, большевиктік билік оларға зорға шыдап келді. Ақырында 1938 жылы абақтының ар жағында қазақтың талай зиялы азаматтары жазықсыз өлді. Солардың арасынан Әлімхан Ермековтің қалай аман қалғаны, расында да, қызығушылық тудырады.

Совет өкіметінің бір ерекшелігі – әуелі халыққа жалпылама білім беру мақсатын ұстанғаны. Түрме қызметкерлеріне де білім керек. Оларға дайын математик, профессор әрі атақты ғалым Әлімхан Ермеков таптырмайтын тәлімгер болды.

Абақтыда Әлімхан Әбеуұлына да талай рет қауіп төнген. Бірақ түрме басшылары оны үнемі кейінге ысырып отырған. Неге десеңіз, олардың бәрі диплом алу үшін оқуы керек еді. Түрме басшылығының рұқсатымен қызметкерлерге орта мектеп көлемінде сабақ берген профессордың дәрісіне лагерьдегі офицерлер құрамы да қатысқан. Тіпті кейін «Құрметті профессор» деп атап кеткен. Бұл жайында жазылған естелік-дәптерді Ермековтің туған немересінің қолынан оқыдық. Ал, Әлімхан Ермековтің аман қалғанынан қазақ халқы ұтпаса, ұтылған жоқ. Міне, фильм түсіруге басты себептің бірі – осы.

– **Деректі фильмде қазақ жерінің шекарасы жайлы мәселені басты тақырып етіп алуыңызға не себеп болды?**

– Иә, оған екі себеп бар еді. Біріншісі – 2010 жылы күзде Қазақстанның Ресейдегі елшілігінің тапсырысы бойынша Бөкей хан жайлы деректі фильмді түсіру тұсынан басталды. Бөкей ханға тағдырдың жазуымен Астрахан топырағы бұйырғаны белгілі. Сүйегі Краснояр аумағындағы Қазақстан мен Ресейдің мемлекеттік шекарасына жақын жерде жатыр. Хан зираты басындағы киіз үй іспетті темір қоршау 30-жылдың ойранында трактор қабанында тапталыпты. Керексі қисайып, қоршауының мыжтыжы шыққан көрінеді. Мұндай қиянатты жүрекпен қабылдаған елші, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Зауытбек Тұрысбеков бізбен телефон арқылы хабарласып, Бөкей бейітінің осынша қорланғанына қайран қалып, қатты толқығанын айтты. Қазіргі Қазақ елінің ең бір байлыққа тұнған шұрайлы жерін ешқандай соғыссыз, дала дипломатиясымен кері қайтарып, 23 мыңға жуық адамы бар 5000-нан астам жанұяны Жайықтың жағасы мен Еділге дейін еркін жайландырғаны жайлы да жеткізді. Қысқасы, Еуропа аумағына Ішкі Бөкей ордасын тіккен баба даңқына лайық мавзолей тұрғызуға кірісіпті. Ал, құрылыс жайлы құжатты Астрахан губернаторымен бекітіліп, бірлескен іс-шаралары жоспар бойынша жүріп жатқан көрінеді. Елшілікпен байланысымыз әрі қарай да үзілмей жалғасып жатты.

Сонымен, 2011 жылы күркүйекте алып күмбезді ақшаңқан кесене бой көтеріп, ашылу салтанатына бардық. Бұл еліміздің батыс қақпасына қойылған қалқан іспетті айбарлы белгі болды. Еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған тілеулес жұртта есеп жоқ. Өшкені жанып, өткенін енді түгендеп жатқандай. Тұсаукесер тұсында сөз



“АЛАШТЫҢ АҚЫРҒЫ АҚИЫҒЫ”

алған елші З.Тұрысбеков халыққа тағы бір түйінді ой тастап: «Байлығы тасыған батыс өлкені қазақтарға қайтаруда бабамыздың үлесі өлшеусіз. Қазақстан картасына қарасақ, мұнай мен газ өндіріп жатқан жердің бәрі Бөкей бабамыздың иелігінде болған екен. Ендеше, осындай ұшы-қиырсыз ұлы дала бізге дейін қалай сақталып қалды екен деген сауал туары хақ. Сөйтсек, сонау 20-жылы-ақ қазаққа тиесілі жердің бәрін заңмен дәлелдеп, шекарасын шегелеп кеткен кешегі Әлихан Бөкейханов бастаған Алашорда арыстары екен. Ал, Әлімхан Ермековтің есімін бүгінгі ұрпақ білмеуі де мүмкін. Ендеше, мұндай маңызды деректі көпшілік халыққа жеткізу – біздей аға буынның міндеті. Себебі, шекара – әр елдің шебін күзетер азулы айбыны», – деді. Міне, Әлімхан Ермековті халыққа кино тілінде жеткізуге түрткі болған екінші себеп осы жерде тұды.

– **«Бола елдің баласы он үшінде басын дер, Тозар елдің баласы 25-те жасын дер» демекші, Алаш азаматтарының келешекте кім болмағы бала кезінен-ақ таныла бастаған той. Бұл туралы не айтар едіңіз?**

– Әлімхан Ермеков студент кезінде-ақ этнограф-ғалым Потанинді туған жеріндегі Былқылдақ деген өзеннің бойындағы тамаша өлкеге алып келіп, екі-үш ай жатқызған. Ауыл ақсақалдарынан қазақтың ауыз әдебиетінің небір үлгілерін, ертегі-жырларын жинақтатып, жазғызып алған. Бір қызығы, сол Былқылдақ өлкесі Әлімхан Әбеуұлының ұйымдас-тыруымен сол кездегі қазақ зиялыларының жазда келіп демалатын, ой тоғыстыратын жеріне айналған. Оның дәлелі – Былқылдақта Темірбек Жүргенов Әлімхан Әбеуұлының туған апасы Дәмешпен танысып, үйлену тойы өткені. Сол жерде Нығмет Нұрмақовтың Әлімханмен аталас туысқанының қызына үйленген. Былқылдаққа Қаныш Сәтбаевты да алып келіп, елмен таныстырады. Алып ағаларын көріп, таудай талабы оянған Қанышты Томбы қаласына өзі жетелеп апарып, технологиялық институттың тау-кен факультетіне оқуға түсіреді. Соңынан Сұлтанмахмұт Торайғыровқа да Томбыда оқуына қолдау көрсетеді. Фильмде біз мұның бәрін нақтылы деректермен айғақтап отырдық.

1917 жылы Семей Алаш ардақтыларының басы қосылып, бір ту астына жиналған жері болды. Олардың көбі Мәскеу мен Санкт-Петербургтан білім алған ғалымдар, саясаткерлер және өнер қайраткерлері еді. Ол кезде Әлімхан Ермеков Томбы технологиялық институты математика факультетінің студенті. Бозбаланың азаматтық көзқарасының қалыптасуына да сол Семейдегі зиялы қауым өкілдері тікелей ықпал етті деп ойлаймыз. Қалай дейсіз ғой? Өйткені сондай саясаткерлердің бірқатары институтта оқытушы болып

істегендіктен, Әлімханның танымал тұлғалармен жолы жиі қиысатын. Оның 4-курсан оқуын тоқтатып, Томбыдан Семейге суыт аттануы да сондықтан еді.

Көп ұзамай Әлімхан Ермеков ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов бастаған Алашорда үкіметінің үш басшысының бірі ретінде ұлттық кеңестің құрамына енеді. Сол 1917 жылдың шілде айында өткен Бүкілқазақтық съезде Бүкілресейлік құрылтай жиылысына Семей облысынан депутаттыққа 25 жастағы Әлімхан ұсынылады.

– **Енді басты мәселе болған шекараны бекітуге қалай қол жеткені жайлы әңгімелеп берсеңіз.**

– XX ғасырдың басында қазақ даласының шекарасын белгілеу дегеніңіз күрмеуі шешілмеген түйткіл болды. Себебі, XVIII-XIX ғасырлардан бері оңтүстік өңірлер Ташкентке қарап келсе, батыс аймақтың жартысы Астраханға, жартысы Орынбордың әкімшілік басқаруында болды. Шығыс Қазақстанның көп бөлігі Омбыға қарады. Қысқасы, қырық құрақ болған қазақ жерінің шекарасын шешуге байланысты комиссия құрылады. Бұл әрекет Алаш арыстарының ұлт намысы үшін жанкештілікпен қатерге басын тігуі болатын.

1920 жылы 24 тамызда Бүкілресейлік орталық атқару комитетінің мәжіліс залында ол кездегі Қырғыз – кейінгі Қазақ АССР-інің шекарасын нақтылау туралы жиын өтеді. Жыныға Қазақ АССР-інің атынан 15 адам қатысады. Бар-жоғы 29 жастағы Әлімхан Ермеков «Қазақ автономиясына қандай жерлер кіруі тиіс» екендігіне ғылыми негізде дәлелденген баяндама жасайды. Онда 5,5 млн қазақ ұлты тұрып жатқан Қазақ республикасына 3 467 922 шаршы шақырым жерді заңдастырып, бекітіп беруді сұрады. Бұл олардың, яғни қазақтардың ежелден иеленіп келген өз жері, соны заңды түрде кері қайтаруын талап етуі еді. Мұны басында Ленин құптағанымен, орталық комитеттің саяси басшылары қарсы шығады. Талас-тартыс төрт күнге созылады. Тек 26 тамыз күні ғана В.Ленин қазақ жерінің шекарасын бекіту туралы декретке қол қояды. Сөйтіп, Алаш көсемдері Қазақ мемлекеті алдында өзінің тарихи миссиясын адал орындап кетті деуге болады.

Ал, фильмді түсіру барысында елшіліктің араласуымен Мәскеудің тарихи мұрағаттар институты, Қазақстанның мемлекеттік мұрағаты көмектесті. Сондай-ақ, Әлімхан Ермековтің туған жері – Қарағанды облысының Долинқа аймағындағы Саяси қуғын-сүргін құрбандарының мұражайымен де тығыз жұмыс жасадық. Осы облыс әкімшілігінің рұқсатымен көне Карлағта да түсірілім ұйымдас-тырдық. Қосымша көріністер мен қойылымдарға Қарағанды қалалық С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театры мен К.Станиславский атындағы орыс драма театрының ұжымы

қолдау көрсетті.

– **Әңгімемізді Алаштың ақырғы ақиығы Әлімхан Ермековтің кейінгі өмір жолы жайлы жалғасақ.**

– XX ғасырдың алыптары ұлтының үлесіне ұлы құбылыс жасау жолында құрбан болды. Оларды құрбандыққа қиған – өз бәсекелестері. Өйткені олардың даңқы биліктің бәсін түсіріп, кегін қоздырды. Көреалмаушылық қойсын ба, түрмеден тірі қайтқандарынан өлгенше өш алады. Ғылыми атақтары сыпырылып, оқулық-кітаптары жойылды. Ермеков атақты 58-баппен сотталып, 18 жыл түрме тауқыметін тартқан. Кейін сол Қарағанды қаласындағы Ленин көшесі, 58-үй, 58-пәтерде тұрған және үй телефонында да осы тектес сандар болған. Бұл 58 баппен сотталғанын «ұмыттырмаудың» әдемі әдісі еді.

1970 жылы тұңғыш қазақ математигі, профессор, ағартушы-ғалым, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Алаштың ақырғы ақиығы қарапайым қалпында дүниеден аттанып кетті. Қарағандылықтар оны ың-шыңсыз, көне қаланың қайдағы бір шетіндегі елеусіз жатқан христиан зиратына жерлей салыпты. Барар жолы да жоқ екен, адасып зорға таптық, сенесіз бе?

Жарайды, бұл кешегі кезеңнің кесапаты дейік. Ал бүгін ше? Мен сізге болған бір жайды баяндайын, өзіңіз таразылаңыз. Қазіргі телеэфир өсекпен төсектен босамайды. Арзан әңгімеге уақыт шексіз. Ал танымдық дүниеге орын жоқ. Бұл жерде кешегі ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев мырзаға рақмет, фильмдерімізді көңіл қойып өзі қарап шықты әрі кешіктірмей, 2019 жылғы желтоқсан айында-ақ осы Ә.Ермеков, Н.Оңдасынов және Ж.Төшенов жайлы үш фильмнің де жеке-дара атын жазып, эфир кестесіне жоспарлау жайлы «Қазақстан» ұлттық арнасы мен «Хабарға» жолдаған ресми хаты бар. Рас, «Хабар» үш фильмді де көрсетті, қайталап та жатыр. Басшысы Е.Бекхожин текті жігіт. Ал ұлттық арнамыз Қазақстан президенті телерадиокөшенінің ұлттық өніміне де, үздік баға берген танымал тұлғаларды былай қойғанда, республикалық беделді басылымдар мен қоғамдық ұйымдардың әлеуметтік желідегі ықыласты пікіріне де, тіпті министрдің ресми хатына да пысыққан жоқ. Өз деңгейіне қарай қадам жасады. Әрине, бұл оңаша отауға сұранатын көкейкесті мәселе. Бірақ бөле кууга уақытымды аяймын, менсіз де жазып жатқандар жетерлік.

Қорыта айтсақ, қолында билік барлар білмейді, әйтпесе Әлихан Бөкейхановтай ұлы ұстазы 25 жастағы Әлімханды ұлттық және мемлекеттік саяси мәселелерді шешерде алғы шепке салып, шәкіртін өзінің «ту ұстары» ретінде ысылдырып, ұлтының көшбасшылығына дайындай бастаған. Сонау 20-жылы Бөкейхановтың өзі бар-жоғы 53 жаста ғана екен. Не деген ұлы сенім, не деген тазалық десеңізші! Бұлардың бар ғұмыр-дариясы саяси идеялар мен ұлт игілігі жолындағы ірі іс-қимылға құрылыпты. Демек, барлық дәуір бас иетін қайраткерлер емес пе?!

Алаш алыптары абақтыда отырса да, ағартушылықпен айналысып, ұрпағы үшін ана тілінде оқулықтар жазған. Еңкейген елін тік тұрғызып, мемлекет болып қалыптасуына себепші болған. Сөзбен емес, болашағымызды іспен бекемдеген де солар. Сондықтан асыл ағалар туралы қанша деректі кітап жазып, қанша көркем фильм түсірсек те көп емес. Тіпті жыл сайын Алаш арыстары туралы онкүндік мәдени шаралар ұйымдас-тыруға да болар еді. Өйткені өскелең ұрпақ ертең емес, бүгіннен бұрын, төл тарихымызға жиі көз салуы керек.

– **Әңгімеңізге рақмет.**

Сұхбаттасқан
Жолдасбек ДУАНАБАЙ.



Айғақ Медиа



aigakmedia



Aigak TB



Өмір-өзен...Тоқтаусыз алға жылжиды. Адам тіршілігінде тынбай жүреді... Алға ұмтылады. Биіктерге талпынады. Жетістіктерге жетсе, қуанады. Асқар Ахметуллаұлы Алтаев өмірінің саналы шақтарын оқумен, еңбекпен, ізденіспен өткізген асыл азамат еді. Біреуге асқар таудай әке, біреуге қымбатты бауыр, енді біріне жанашыр дос бола білген асыл азамат Асқар Ахметуллаұлы Алтаев 26 сәуір 1974 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданында дүниеге келген. Әкесі Ахмет Алтайұлы мен анасы Айша Есентайқызының тұла бойғы тұңғыштары еді. 1980 жылы «Новый путь» совхозындағы Ш.Уәлиханов атындағы онжылдық мектептің табалдырығын аттап, 1991 жылы төмамдады. Ал, 1999 жылы Лаура Әмірбекқызымен шаңырақ көтеріп, 1 ұл, екі қызды тәрбиелеп өсірді.

Өмір жолына бір сәт көз жүгіртсек, мамандығы бойынша қаншама лауазымды қызметтер атқарған десеңізші!? Соған лайықты, Асқар Ахметуллаұлы төрт жоғарғы оқу орнын бітірген. Бақандай төрт дипломы бар! Ол А.Байтұрсынов атындағы Қостанай университеті, Қазақ ұлттық

ӨМІРІ ЕҢБЕКПЕН ӨРНЕКТЕЛГЕН ЕДІ...

аграрлық университеті мен Ташкент экономикалық университетінің түлегі, осыдан төрт-ақ жыл бұрын тағы да К.А.Тимирязов атындағы «МСХА» Ресей мемлекеттік аграрлық университетін бітірген еді... Алға қойған биік мақсаттары болғанын осыдан-ақ білуге әбден болады... Бірақ, сұм ажал Асқар Ахметуллаұлының өмірін жалмады... «Жазмыштан озмыш жоқ» деген осы...

Асқар Алтаев 1996 жылдан бастап өмірінің соңына дейін еңбек етті, ел игілігін еселеуге сүбелі үлес қосты. Атап айтқанда, Мақтаарал аудандық «Агропром банк» бөлімшесінде экономист, Қостанай облысы Гаранвск аудандық «Агропром банк» бөлімшесінде басқарушы, Қостанай қаласындағы «Арасан» сыра зауытының директоры,



автомобиль жолдары жолаушылар көлігі мемлекеттік мекемесі басқармасы басшысының орынбасары, Маңғыстау облыстық автомобиль жолдары жолаушылар көлігі мемлекеттік мекемесі басқармасының басшысы, Маңғыстау облыстық Тексеру

комиссиясы аппаратының бастығы қызметтерін атқарды.

Еңбектегі елеулі қызметтері үшін бірқатар марапаттарға ие болды. Атап айтқанда, «ҚазАгроном» АҚ Құрмет грамотасы, Ақтау қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалімен, 2016 жылы Астана қаласында еліміздің экономикалық дамуына негіз болар мемлекеттік сатып алу саласында елеулі үлес қосқаны үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Еңбектен мол тәжірибе жинақтаған, қай жерде жұмыс істесе де ұйымдастырушылық қабілетімен, қарапайымдылығымен, еңбексүйгіштігімен өнеге болған Асқар Ахметуллаұлының қазасы қабырғаны қайыстырды. Иманды болсын! Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

Асқар Ахметуллаұлы Алтаевтың 26 маусым, 2020 жылы өз шаңырағында қонақ асы, 2020 жылы 27 маусымда сағат 15:00-де Шымкент қаласындағы «Сіргелі» мешітінде қырық күндік асы өтеді.

«Қазақ әуендерінің орындаушылары» Республикалық қоғамдық бірлестігінің ақпараты

Заңның 46 б. 1 т.8 т. талабына сәйкес

ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңының 47 бабының 1 тармағының тармақшаларының реттілігімен «Қазақ әуендерінің орындаушылары» республикалық қоғамдық бірлестігінің (әрі қарай-Бірлестік) 2019 жыл көлеміндегі атқарған қызметі туралы төмендегіні мәлімдейді:

- 1). 2019 жылы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізмеген.
- 2). Бірлестікпен 2019 жыл көлемінде шетелдік мүлтік құқықтарды ұжымдық негізде басқартатын мекемелермен келісімдер түзілмеген.
- 3). Бірлестік мүшелерінің Жалпы жиналысы 2019 жылы өткізілмеген және жана шешімдер қабылданбаған.
- 4). Бірлестіктің 2019 жылға түзілген бухгалтерлік (жылдық) балансы туралы:

активтер	жол коды	есепті аяғында	кезенің	есепті кезеңнің басында
I. Қысқа мерзімді активтер:				
Ақша қаражаты және оның баламалары	010		66 954 279	59 631 598
Қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек	016		43 996 250	55 160 770
Қорлар	018		106 634	60 067
Өзге де қысқа мерзімді активтер	019		219 094	213 051
Қысқа мерзімді активтердің жиынты (010 жолдан 019 жолды қоса алғанда)	100		111 057 162	115 039 148
II. Ұзақ мерзімді активтер				
Баланс (100 жол+101 жол-200 жол)			111 057 162	115 039 148

Міндеттеме және капитал	Жол коды	есепті аяғында	кезенің	есепті кезеңнің басында
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер				
Қысқа мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек	213		3 113 184	13 159 076
Басқа міндеттемелер	216		247 136	199 328
Ағымдағы салық міндеттемелері	217		351 184	(497 403)
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиынты (210 жолдан 217 жолды қоса алғанда)	300		3 711 852	12 861 001
V. Капитал				
Бөлінбеген пайда (өтелмеген залал)	414		107 345 310	102 178 147
Негізгі ұйымның меншік иелеріне тиесілі капиталдың жиынты (410 жолдан 414 жолды қоса алғанда)	420		107 345 310	102 178 147
Барлығы капитал (420 жол+/-421 жол)	500		107 345 162	102 178 147
Баланс (300 жол-301 жол + 400 жол+ 500 жол)			111 057 162	115 039 148

Корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін декларациясы (жылдық есеп) (130.00-нысан)

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Сомма
I. Табыстар бөлігі:		
Басқа табыстар	100.10.012	76 031 105
Табыстар жиынтығы	100.10.013	76 031 105
2.Шығыстар бөлігі:		
Коммерциялық емес ұйымды ұстауға арналған шығыстар	100.10.014	29 210 705
Ақпараттық орналастыру сыйақылар	100.10.016	
Шығыстардың жалпы соммасы (100.00.014-тен 100.00.022-ке дейінгі жолдардың соммасы)	100.00.017	41 653 237
3.Барабар әдісі бойынша шегерімдерді есептеу бөлігі	100.00.023	70 863 941
салық салуға жататын табыстардың үлес салмағы (100.10.012 жол мен 100.10.013 жол қатынасы)	100.10.024	100.0
Табыстар жиынтығы (100.00.021 I)	100.10.025	70 863 941
шегерімдерге жатқызуға жататын шығыстардың сомасы (100.10.025 және 100.10.024 тұзандысы)	100.10.026	70 863 941

Бірлестіктің сыйақыны жинау, бөлу және төлеу мақсатында атқарған жұмысы нәтижесіндегі 2019 жылғы есебі:

Бірлестіктің есебіне 2019 жылы пайдаланушылардан 92 846 571 теңге сыйақы есебіндегі қаржылар түсті.

Осы түскен қаржылар пайдаланушылардың есептері және мәліметтер негізінде отандық және шет елдік құқыкиеленушілерге 54 226 696 теңге бөлінді. Құқыкиеленушілерге төленген сома 55 672 081 теңгені құрайды.

Бірлестіктің нақты шығыстарын жабуға арналған сомалар жиналған сыйақының жалпы сомасының 30 пайызынан аспайды.

2019 жылғы талап етілмеген сыйақы 3 113 184 теңгені құрайды.

Бірлестікпен талап етілмеген сыйақы сомаларын құқыкиеленушілерге бөлу және төлеу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарына ресми іздеу жарияланған және интернет ресурсқа енгізілген.

Сонымен қатар, мүлтік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын отандық ұйымдармен тиісті келісімге келіп, солардың басқаруындағы құқықтар иелеріне сыйақылар аударылып келеді.

Пайдаланушылар арасында орын алған дебиторлық қарыздар бойынша заңнамаға сай тиісті шаралар көріліп, сот актілері негізінде өндіріліп келеді.

Бірлестік қызметкерлерімен сыйақы алуға құқылы құқыкиеленушілерді ғаламторда орналасқан қол жетімді базалар арқылы және тұрғылықты мекен-жайларынан іздестірілуде, және ол оң нәтиже берілуде.

Бірлестікте интернет-ресурс жұмыс жасап, онда сабақтас құқықтар объектілерінің атауы, құқыкиеленушілердің аты мен басқаруға берілген құқықтар, пайдаланушылармен жасалған лицензиялық шарттар туралы ақпараттар, жергілікті жерлердегі өкілдер және жиналған сыйақыны аудару үшін орындаушыларды, фонограмма шығарушыларды іздеу жөніндегі мәліметтер тиісті дәрежеде қамтылған.

Сонымен қатар, өз жарғылық мақсаттарымызды әр-бір пайдаланушыға жеткізу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарына мәліметтер жарияланып, жеке-дара түсіндіру жұмыстары жүргізіліп келеді.

«Авторлар әндерінің одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің ақпараты

Заңның 46 б. 1 т.8 т. талабына сәйкес

ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңының 47 бабы 1 тармағының тармақшаларының реттілігімен «Авторлар әндерінің одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің (әрі қарай-Бірлестік) 2019 жыл көлеміндегі атқарған қызметі туралы төмендегіні мәлімдейміз:

- 1). 2019 жылы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізілмеді.
- 2). Бірлестікпен 2019 жылы шетелдік мүлтік құқықтарды ұжымдық негізде басқартатын мекемелермен келісімдер түзілмеген.
- 3). Бірлестік мүшелерінің Жалпы жиналысы 2019 жылы өткізілмеген және жана шешімдер қабылданбаған.
- 4). Бірлестіктің 2019 жылға түзілген бухгалтерлік балансы туралы:

активтер	жол коды	есепті аяғында	кезенің	есепті кезеңнің басында
I. Қысқа мерзімді активтер:				
Ақша қаражаты және оның баламалары	010		93 003 374	88 767 156
Қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек	016		39 860 611	48 108 900
Қысқа мерзімдегі басқа активтер	017			68367
Қорлар	018		165 962	26 473
Қысқа мерзімді активтердің жиынты (010 жолдан 019 жолды қоса алғанда)	100		133 029 948	136 970 896
II. Ұзақ мерзімді активтер				
Негізгі қаражат	118			
Баланс (100 жол+101 жол+200 жол)			133 029 948	136 970 896

Міндеттеме және капитал	Жол коды	есепті аяғында	кезенің	есепті кезеңнің басында
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер				
Қысқа мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек	213		12 660 575	17 208 253
Басқа міндеттемелер	216		3 276 666	2 049 543
Қызметкерлерге сыйақылар	216			
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиынты (210 жолдан 217 жолды қоса алғанда)	300		15 937 241	19 257 796
V. Капитал				
Бөлінбеген пайда (өтелмеген залал)	414		117 092 706	117 713 100
Негізгі ұйымның меншік иелеріне тиесілі капиталдың жиынты (410 жолдан 414 жолды қоса алғанда)	420		117 092 706	117 713 100
Барлығы капитал (420 жол+/-421 жол)	500		117 092 706	117 713 100
Баланс (300 жол-301 жол + 400 жол+ 500 жол)			133 029 948	136 970 896

Корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін декларациясы (жылдық есеп) (130.00-нысан)

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Сомма
I. Табыстар бөлігі:		
Басқа табыстар	100.00.004	71 139 748
Табыстар жиынтығы	100.00.05	71 139 748
2.Шығыстар бөлігі:		
Коммерциялық емес ұйымды ұстауға арналған шығыстар	100.10.014	28 081 246
Ақпараттық орналастыру сыйақылар	100.10.016	0
Шығыстардың жалпы соммасы (100.00.014-тен 100.00.022-ке дейінгі жолдардың соммасы)	100.00.017	37 491 837
3.Барабар әдісі бойынша шегерімдерді есептеу бөлігі	100.00.023	65 573 082
салық салуға жататын табыстардың үлес салмағы (100.10.012 жол мен 100.10.013 жол қатынасы)	100.10.024	100
Табыстар жиынтығы (100.00.021 I)	100.10.025	65 573 082
шегерімдерге жатқызуға жататын шығыстардың сомасы (100.10.025 және 100.10.024 тұзандысы)	100.10.026	65 573 082

Бірлестіктің сыйақыны жинау, бөлу және төлеу мақсатында атқарған жұмысы нәтижесіндегі 2019 жылғы есебі:

Бірлестіктің есебіне 2019 жылы пайдаланушылардан 81 599 528 теңге сыйақы есебіндегі қаржылар түсті.

Осы түскен қаржылар пайдаланушылардың есептері және мәліметтер негізінде отандық және шет елдік құқыкиеленушілерге 46 316 507 теңге бөлінді, құқыкиеленушілерге төленген сома 51 775 590 теңгені құрайды.

Бірлестіктің нақты шығыстарын жабуға арналған сомалар жиналған сыйақының жалпы сомасының 30 пайызынан аспайды.

2019 жылғы талап етілмеген сыйақы 7 091 959 теңгені құрайды.

Бірлестікпен талап етілмеген сыйақы сомаларын құқыкиеленушілерге төлеу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарына ресми іздеу жарияланған және интернет ресурсқа енгізілген.

Сонымен қатар, мүлтік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын отандық ұйымдармен тиісті келісімге келіп, солардың басқаруындағы құқықтар иелеріне сыйақылар аударылып келеді.

Пайдаланушылар арасында орын алған дебиторлық қарыздар бойынша заңнамаға сай тиісті шаралар көріліп, сот актілері негізінде өндіріліп келеді.

Бірлестік қызметкерлерімен сыйақы алуға құқылы құқыкиеленушілерді ғаламторда орналасқан қол жетімді базалар арқылы және тұрғылықты мекен-жайларынан іздестірілуде, және ол оң нәтиже берілуде.

Бірлестікте интернет-ресурс жұмыс жасап, онда сабақтас құқықтар объектілерінің атауы, құқыкиеленушілердің аты мен басқаруға берілген құқықтар, пайдаланушылармен жасалған лицензиялық шарттар туралы ақпараттар, жергілікті жерлердегі өкілдер және жиналған сыйақыны аудару үшін құқыкиеленушілерді іздеу мәліметтері қамтылған.

Сонымен қатар, өз жарғылық мақсаттарымызды әр-бір пайдаланушыға жеткізу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарына мәліметтер жарияланып, жеке-дара түсіндіру жұмыстары жүргізілген.

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Нұр-Сұлтан, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтөу, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Төменгі, Шымкент.

Жазылу индексі

65836 16+

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «M-press» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі №18 үй

Тапсырыс: № Таралымы: 7000

Нөмірдің кезекші редакторы - Сандуғаш Әбілғашпарқызы

АЙҒАҚ
MEDIA

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат коми-тетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып,

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ»Медиа» ЖШС

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ
НАУШАБАЕВА -
Бас редактор
Сейсенбай АХМЕТ -
журналист

РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:
160000, Шымкент қаласы, F. Ляев көшесі, 29.
E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz
Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші
Сандуғаш ӘБДІҒАШПАРҚЫЗЫ - Жарнама
Олжас ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ - Тарту бөлімі

А Мақаланың жариялану ақысы төленген.

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86,
Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,
Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25
Газетті тарту және жеткізу қызметі: 8 747 123 45 89

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама жазушына жауап бермейді. Автор қолжазбасы үлгілейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен аспатын материалдар қабылданады. «Айғақ» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазба рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Открылось наследство

*** Умер Сагиндыков Руслан Ганиевич. Дата смерти 05.10.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Назарбекова Ж.А. г. Шымкент, ул. Калдаякова, 9. Тел.: 8 701-454-74-46, 56-33-59

*** Умерла Вареньева Валентина Михайловна. Дата смерти 28.05.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Иманова Г.А. г. Шымкент, 3-мкр., 3В. Тел.: 8 701-729-25-41

*** Умерла Митрофанова Лариса Николаевна. Дата смерти 22.11.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Турапбаева Б.У. г. Шымкент, мкр. Восток, 46. Тел.: 8 775-833-03-04, 20-01-51

*** Умер Дарьин Виктор Владимирович. Дата смерти 10.04.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Турапбаева Б.У. г. Шымкент, мкр. Восток, 46. Тел.: 8 775-833-03-04, 20-01-51

*** Умер Караходжаев Изитулла Азиллаевич. Дата смерти 02.02.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Мешитбаева З.Д. г. Шымкент, ул. Мадели-Кожа, 1Г, ЦОН 1-этаж. Тел.: 8 771-383-43-47

*** Умерла Жұматайбек Ләзат Жұматайбекқызы. Дата смерти 29.12.2007 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Байтлесова З.С. г. Шымкент, Тамерлановское шоссе, 6А, бизнес-центр «Марс», офис №13. Тел.: 8 707-123-17-78, 8 775-071-53-18

*** Умер Сейлбеков Тлдабек Джанузакович. Дата смерти 23.04.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Аширкулов С.Б. г. Шымкент, мкр. Нурсат, 126/37. Тел.: 8 775-252/ 97-53-43, 8 702-552-71-77, 8 707-134-25-20

*** Умер Бегалиев Бакытжан Тилегенович. Дата смерти 23.04.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Жандосова Г.С. г. Шымкент, ул. Байтерекова, 89. Тел.: 8 775-026-13-73, 8 700-913-07-10

*** Умерла Сарсенова Капиза. Дата смерти 24.03.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г. Шымкент, ул. Мадели-Кожа, 1Г, здание ЦОНа, 1 этаж. Тел.: 8 705-682-20-75

*** Умерла Осипова Галина Константиновна. Дата смерти 22.11.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Турапбаева Б.У. г. Шымкент, мкр. Восток, 46. Тел.: 8 775-833-03-04, 20-01-51

*** Умерла Павлова Зинаида Владимировна. Дата смерти 04.02.2013 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Абишева Ч.А. г. Шымкент, ул. Уалиханова, 219-41. Тел.: 8 775-252/ 57-53-51, 8 777-88-74-777

*** Умерла Шылмурзаева Оксана Александровна. Дата смерти 23.03.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Даулетбай Б.Б. г. Шымкент, ул. Елшибек батыра,

112-22. Тел.: 8 700-466-19-46, 8 775-315-89-98

*** Умер Мулдабеков Амангельды Ильясевич. Дата смерти 11.01.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Пернебаев Б.Т. Толевийский район, г. Ленгер, ул. Толе би, 172. Тел.: 8 775-897-28-65

*** Умер Исаков Серикбай Алимбекович. Дата смерти 19.05.2001 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Назарбекова Ж.А. г. Шымкент, ул. Калдаякова, 9. Тел.: 8 701-454-74-46, 56-33-59

*** Умер Бекжан Рақымжан Садықбайұлы. Дата смерти 27.05.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Рашитова В.В. г. Шымкент, ул. Гагарина, 54. Тел.: 8 701-340-92-97, 8 775-252/ 39-42-24

*** Умерла Бекжанова Тотыкуль. Дата смерти 11.08.1991 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Рашитова В.В. г. Шымкент, ул. Гагарина, 54. Тел.: 8 701-340-92-97, 8 775-252/ 39-42-24

*** Умерла Шаповалова Софья Борисовна. Дата смерти 10.12.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Кальменова О.М. г. Шымкент, мкр. Восток, ул. Рыскулова, 59. Тел.: 8 707-228-08-55

*** Умерла Мурзабекова Калбиби. Дата смерти 14.10.2011 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г. Шымкент, ул. Мадели-Кожа, 1Г, здание ЦОНа, 1 этаж. Тел.: 8 705-682-20-75

*** Умер Сапаров Абдулла Тагаевич. Дата смерти 01.11.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г. Шымкент, ул. Мадели-Кожа, 1Г, здание ЦОНа, 1 этаж. Тел.: 8 705-682-20-75

*** Умер Абдикулов Курманбек Кабылбекович. Дата смерти 31.03.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Ургинбаева Р.О. г. Шымкент, ул. Желтоқсан, 12 А. Тел.: 8 702-253-49-23

*** Умерла Сарсенбаева Бибижан Стамбековна. Дата смерти 05.05.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Кенжебекова А.М. г. Шымкент, пр. Республики, 20/24. Тел.: 8 701-550-09-89

*** Умерла Каратаева Роза Кулжабаевна. Дата смерти 02.06.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Иманова Г.А. г. Шымкент, 3-мкр., 3В. Тел.: 8 701-729-25-41

*** Умер Писарев Дмитрий Сергеевич. Дата смерти 17.02.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сулеймен С.У. г. Шымкент, мкр. Отырар, 59-26. Тел.: 8 775-252/ 52-24-21, 8 778-402-83-83

*** Умер Нуржанов Талғат Бакирович. Дата смерти 03.11.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Бабаева Л.К. г. Шымкент, ул. Желтоқсан, 20 Б, каб. 111. Тел.: 8 701-721-43-83

*** Умер Амиров Ускен. Дата смерти 30.05.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Ахметова А. г. Шымкент, мкр. Спортивный, 7-12. Тел.: 8 701-354-27-83

*** Умер Кулымбетов Жайсанбек Манатович. Дата смерти 08.06.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Ургинбаева Р.О. г. Шымкент, ул. Желтоқсан, 12 А. Тел.: 8 702-253-49-23

*** Умер Сарсембаев Марат Ергешбаевич. Дата смерти 18.03.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Бейсебаев Р.Р. г. Шымкент, ул. Мадели-Кожа, 1Г, здание ЦОНа, 2 этаж, 217 каб. Тел.: 8 701-751-80-77

*** Умер Быхунов Валерий Викторович. Дата смерти 30.05.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Кальменов Д.Т. г. Шымкент, ул. Рыскулова, 59. Тел.: 8 707-228-08-55

*** Умер Турсуметов Изатылла Шукурллаевич. Дата смерти 30.04.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Тойчи А.Р. г. Шымкент, ул. Джангельдина, 13. Тел.: 8 705-758-88-08

*** Умер Искалиев Виктор Каримович. Дата смерти 24.12.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Иманова Г.А. г. Шымкент, 3-мкр., 3В. Тел.: 8 701-729-25-41

*** Умер Цой Геннадий Константинович. Дата смерти 03.12.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Калтаева Э.А. г. Шымкент, ул. Ильева, 22-3. Тел.: 8 701-721-43-85, 8 775-252/ 30-14-65

*** Умерла Досалиева Куляш Исмагулқызы. Дата смерти 18.02.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Пернебаев Б.Т. Толевийский район, г. Ленгер, ул. Толе би, 172. Тел.: 8 775-897-28-65

*** Умер Сатыбалдиев Дархан Ерханович. Дата смерти 16.02.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сейткалиева А.У. г. Шымкент, ул. Мангельдина, 36. Тел.: 8 771-569-55-70, 8 707-769-55-70

*** Умерла Абылаева Алмакуль. Дата смерти 10.03.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г. Шымкент, ул. Мадели-Кожа, 1Г, здание ЦОНа, 1 этаж. Тел.: 8 705-682-20-75

*** Умерла Аншиц Лидия Васильевна. Дата смерти 18.11.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Джунусова Р.Т. г. Шымкент, Тамерлановское шоссе, 42-19. Тел.: 8 777-558-76-18

*** Умер Шынтасов Нурлан Убайдаевич. Дата смерти 08.03.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Айтмирзаева Айнура Алиаскаровна. г. Шымкент, ул. Бейбитшилик, 22/36. Тел.: 8 776-306-00-73, 8 778-408-34-86

*** Умер Кулбеков Бекет Максимбаевич. Дата смерти 29.04.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г. Шымкент, ул. Мадели-Кожа, 1Г, здание ЦОНа, 1 этаж. Тел.: 8 705-682-20-75

Журналистика - қиындығы мен қызығы қатар жүретін мамандық

Өмірде мамандық таңдаудан қателеспеу керектігін бәрі дерлік біледі. Бірақ өмірде қателік жіберетін сәттер өте көп, өмірдің өзі көптеген маңызды таңдаулардан тұрады. Дұрыс таңдау - дұрыс жолдарға жетелейді. Мен сол дұрыс жолды таңдадым деп есептеймін. Себебі, өмірдегі ең қиын таңдаулардың бірінен, яғни мамандық таңдаудан қателеспедім. Дұрыс таңдалған мамандық - болашақтағы бақытты өмірдің кепілі. Ең алдымен, адам өз мамандығының қыр-сырын жетік меңгеруі тиіс. Қай мамандық болсын, адамға көптеген талаптар қояды. Қазіргі таңда болашақ мамандарға қойылатын талаптардың бірі - оның теориялық білімі мен іскерлік қасиеттерін ұштастыра білуі.

Мен болашақ журналиспін, яғни тілші. Журналистика - көп ізденісті талап ететін, қиындығы мен қызығы қатар жүретін ақпарат саласы. Өйткені, қазіргі шақта алыс-жақын болсын, ақпарат алмай тұру мүмкін емес. Сондықтан, журналистика мамандығы тек ізденіп, жаңырып, жаңғырып отыруды қажет етеді. Бұл мамандық өзіндік талаптарға ие, дүбірлі дүниенің бар саласымен байланысы бар, төрткүл дүниені ақпарат арқылы байланыстыратын әлемдік маңызы бар сала. Аталған мамандықтың ерекшелігі - жылт еткен жаңалықты жазумен ғана шектелмейді, жанды жадыратар хабарлар, тарихи танымдық шығармалар, әлеуметтік-саяси ой-түйіндер, жол сапарлар, мәдениет пен өркениеттің байланысы бар, яғни бір сөзбен айтқанда жан-жақтылықпен адам жанын толықтыратын ауқымды сала. Бұл күрделі мамандықты таңдау кез-келген адамның қолынан келе бермесі хақ. Ал, мен, осы қызығы мен шыжығы мол мамандықты таңдауға белді бекем буып, әділдікті ту ететін, боя-

масыз шынайы ақпараттармен әлемді сусындататын, адами құндылықтарды жоғалтпаумен қатар, темірқазығы болаттай мықты маман иесі болуды жөн көрдім. Бұл мамандықты таңдауыма бірден-бір себеп - телеарналардағы әрбір орақ тілді, сөзге шешен, тұлғасы мен әлпеті ұштаса білген тілшіні көріп, мен де дәл осылай білікті журналист, ақпарат саласының майталманы болып, көзі ашық, көкірегі ояу елімді әлемдік деңгейдегі шынайылығымен ерекшеленетін мәліметтермен ақпараттандырғым келді. Бала кезімнен асқарлы арман, мерейлі мақсат қойып келемін. 8 - сынып оқып жүргенімде, ауылға жаңадан мектеп салынды. Сол кезде тілшілер келіп, сұхбат алғанда, арманыма бір қадам жасағандай сезімде болдым. Сол сәттен бастап, менің өмірімде айқын мақсат пайда болды. Ес білгелі Қазақстандағы жоғары оқу орны М.Әуезов атындағы ОҚМУ-да түсуді армандайтынмын. Қазіргі сәтте журналистика мамандығы бойынша дайындалудамын. Алла қаласа, ҰБТ-і алда тұр. Ендігі мақсат - осы сынақтан сүрінбей өтіп, өзімнің арманыма деген табандылығымды дәлелдеумен қатар, өмірімдегі бұл тарихи сәт ата-анамның алдындағы перзенттік борышым деп білемін.

Алдағы қойған арман-мақсаттарымының орындалуына біршама жақын қалды. Аталған оқу орнына түсіп, әрі қарай журналистика мамандығын жетілдіріп, танымал телеарнада жұмыс жасау - басты мақсат! Міне, ол сәтте алыс емес. Тек, білімпаздылық пен ізденімпаздылық, сергектік пен қағылездік, дәлдік пен турашылдық қасиеттен танбасам болғаны!

Жансая АХМЕТ,

Төлеби ауданы, дңгірата мектебінің оқушысы

Жарамсыз деп танылсын!

*** 1998 жылы туылған, ОҚМПУ-нің 4 курс студенті Нариманова Сания Галымжанқызына тиесілі сынақ кітапшасының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1999 жылы туылған, ОҚМПУ-нің 4 курс студенті Абдужаитова Маржан Алимұсақызына тиесілі сынақ кітапшасының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1998 жылы туылған, ОҚМПУ-нің 4 курс студенті Таубай Баян Дүйсенбекқызына тиесілі студенттік билетінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1978 жылы туылған Саймасаева Бахыт Ерсинхановнаның атына тиесілі «Күміс алқа» кітапшасының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1998 жылы туылған, ОҚМПУ-нің 4 курс студенті Болат Әсел Манатайқызына тиесілі сынақ кітапшасының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1998 жылы туылған, ОҚМПУ-нің 4 курс студенті Кузен Аружан Бексейітқызына тиесілі студенттік билетінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Нұртас шағын ауданы, Ақсауыт көшесі, №91 үйдің 1986жылы туылған тұрғыны Есенгелдиев Қалжан Мырзабаевичқа тиесілі құжаттардың жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын. Тел.: 8 775-655-95-94

*** Абдукаримов Абдулазиз Абдухаликовичтың атына берілген Өзбекстан төлқұжатының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1998 жылы туылған, ОҚМПУ-нің 4 курс студенті Зейлбекова Мариям Мейрамовнаға тиесілі сынақ кітапшасының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1998 жылы туылған, ОҚМПУ-нің 4 курс студенті Утаева Зарина Жамолбековна тиесілі сынақ кітапшасының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

